Ойындар, дербес әрекет.	1.Дид/ойын: «Қуыршақты киіндірейік» Мақсаты:ұл балалармен қыз балалардың киімдерін ажыратуға үйрету 2.Балабақша туралы сурет бойынша әңгіме айту Мақсаты: сұрақтарға жауап беру	1.Д/О: «Иә немесе жоқ» Мақсаты:карточкалар бойынша суреттер көрсетіледі,ойыншықтарға жата ма ,жоқпа көрсетеді 2.Алтын күзге арналған әндерін жаттату. Ән «Жапырақтар»	1.Ертегі оқу. Қуыршақ театры арқылы «Бауырсақ» ертегісін тамашалау Мақсаты:балалардың сөздік қорын дамыту. 2.Д/о «Атын атап бер» Мақсаты:сурет бойынша заттардың атын атап,түстерін ажырату	1.Сюжетті-рөлдік ойын: «Отбасы» Мақсаты:отбасы мүшелері туралы түсіндіре отырып,үлкендерді сыйлау керектігін айту.	.Дид/ойын: «Көршісін тап» Мақсаты:берілген сурет бойынша заттардың қасындағы көршісін табу
Баланың жеке картасына сәйкес жеке жұмыс	Каусарға Күз мезгіліне арналған тақпақтарын тиянақтап,пысықтау	Нұрисламмен Отбасы туралы әңгімелеу. Отбасы мүшелерін атау	Айзеремен Күз мезгілі туралы әңгімелесу Мақсаты:сұрақтарға жауап беруге үйрету	Жанель ,Әңгімелеу: «Судың пайдасы» Мақсаты:тазалық құралдарымен таныстыру,ұқыптылыққа баулу	Равильмен Отбасы туралы әңгімелеу. Отбасы мүшелерін атау
Серуенге дайындық	Киіну, серуенге шығу				
Серуен	Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Тапсырмаларды орындауға,достыққа тәрбиелеу				
Балалардың үйіне қайтуы.	Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру»	Ата-аналарға төлем жарнасын уақытында төлеулерін айту	Кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы»	Ата-аналарға баламен үйде көп сөйлесуін,көбірек көңіл бөлу керек екенін айту	Ата-аналарға баламен үйде көп сөйлесуін,көбірек көңіл бөлу керек екенін айту

Желтоқсан айының I апта 3-7 аралығындағы I кіші « Қошақан» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы.

Өтпелі ай тақырыбы: «Бізді қоршаған әлем»

Тәрбиеші: Сарғойшина Н

Апта тақырыбы:«Қуыршақтың жиһаздары»

Мақсаты: Балалардың өздерінің қоршаған орталары туралы түсініктерін кеңейту,танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру

Күн тәртібі	Дүйсенбі 03.12	Сейсенбі 04.12	Сәрсенбі 05.12	Бейсенбі 06.12	Жұма 07.12
Балаларды қабылдау Ата- аналармен әңгімелеу	Тәрбиеші балаларға көтеріңкі көңіл сыйлау үшін,қызықты ойындар ұйымдастыру,жақсы қарым-қатынас орнату.				
Ойындар (үстел-үсті, саусақ және т.б)	Әңгімелеу: «Жаңа жыл!» Мақсаты:жаңа жыл туралы түсіндіре отырып,аяз ата мен ақшақар,аққала туралы түсіндіру	Құрылыс ойындары «Үй жиһаздары» кірпіштерден үй жиһаздарын құрастыру	Дидактикалық ойындар «Не қайда тұрады» Мақсаты:балаларға әр затты,өз орнына қоюды үйрету. Ұқыптылыққа ,тиянақтылыққа тәрбиелеу	Санамақтар айтқызу. Бір үйде біз нешеуміз? Кел, санайық екеуміз. Бас бармағым-әкем, Балалы үйрек-анам, Ортан терек-анам, Шылдыр шүмек-мен. Кішкене бөбек-сен, Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз.	Үстел үсті ойыны Пазлдан үйшік құрастыру; Балалармен балабақша туралы әңгімелесу
Таңертеңгілік гимнастика 5 мин	№4 таңғы жаттығулар кешені				
Таңғы ас	Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу,майлықты қолдануға үйрету Тамақтан соң ас қайырып, алғыс айту.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Қимылдық ойын: «Күн мен жаңбыр» Мақсаты: Балаларды бір-біріне қатығысып қалмай,жүгіруге үйрету	«Үй жиһаздары» кірпіштерден үй жиһаздарын құрастыру	Дидактикалық ойын « Досынды тап»	Д/О: «Иә немесе жоқ» Мақсаты:карточкалар бойынша суреттер көрсетіледі,ойыншықтарға жата ма ,жоқпа көрсетеді	Дид/ойын: «Көршісін тап» Мақсаты:берілген сурет бойынша заттардың қасындағы көршісін табу

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу кестесі	2.Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Қонаққа барамыз». Мақсаты: «Аюға қонаққа барамыз» түзу бағытта жүру. Алға жылжи отырып секіру «Көгалдағы қояндар». Басынан асыра допты қос қолмен лақтыру. Еліктеуге қызықтыру, ниет білдірту (қоян сияқты секіру, аю сияқты қорбаңдау), дербестік белсенділіктерін дамыту. 1.Сурет салу. Тақырыбы: «Орындық» (табуретка). Мақсаты: Балаларды жиһаздармен таныстыруды жалғастыру; сопақша және түзу сызықты сыза білуге үйрету; Ұсақ қол моторикасын және кеңістікті бағдарлай білуін дамыту. Әсемдікті сезінуге тәрбиелеу	1.Жаратылыстану. Тақырыбы: «Бөлме жиһаздары». Мақсаты:Балаларға үй жиһаздары және олардың қажеттілігі туралы түсіндіру. Үй жиһаздарының бірі төсек, оның түрлерімен таныстыру. Бөлме заттарын ұқыпты, таза ұстауға тәрбиелеу. 2.Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Қонаққа барамыз». Мақсаты: Шеңбер етіп қойылған жіптің бойымен жүру. Допты кеудеден қос қолмен лақтыру. Домалап бара жатқан допты қуып жету.	2.Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: «Қуыршақтың бөлмесі». Мақсаты: баларды жиһаздардың атауын дұрыс атай білуге жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту; сұрақтарға толық жауап беруге үйрету; дыбыстарды, сөздерді дәл айтуға үйрету; . 1.Музыка. Тақырыбы: «Туған жерді сүйемін». Мақсаты: Музыканың сүйемелдеуімен шеңберде айнала жүру, жұптаса қимылдар орындау. Ән тыңдау: «Туған жер» К.Дүйсекеев . Ән айту: «Аяз ата, ақ ата» Ө.Байділдаев Әуенді-ырғақты қимыл-ойын: «Ұлпақарлар биі	1.Сенсорика. Тақырыбы: «Бөлме жабдықтаймыз». Мақсаты: қонақ бөлмесін жабдықтауда жұмсақ және қатты жиһаздармен таныстыра отырып, оларды бір-бірінен ажыратуға, топтастыруға, атын атауға үйрету;	1.Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Қонаққа барамыз». Мақсаты: Қол ұстасып шеңбер жасап жүру. Тәрбиешінің соңынан «шағын топпен» жүгіру. Еденде жатқан бөренеден асып түсу. Көрсетуге сәйкес қимылдарды орындауға үйрету. 2.Музыка . Тақырыбы: «Туған жерді сүйемін». Мақсаты: Музыканың сүйемелдеуімен шеңберде айнала жүру, жұптаса қимылдар орындау. Эмоциясын көрсете білуін қалыптастыру. Ән тыңдау: «Туған жер» К.Дүйсекеев .Ән айту: «Аяз ата, ақ ата» Ө.Байділдаев Әуенді-ырғақты қимыл- ойын: «Ұлпақарлар биі
Серуенге дайындық	Өз бетімен киіну, киімдерін шкафтарына реттеп салуды қадағалау.				
Серуен	1.Бақылау: Қысқы табиғатты бақылау Мақсаты:балаларға күннің суытып,қар түсіп,судың мұзға айналатынын қардан аққала жасалатынын түсіндіру 2.Еңбек:балабақша ауласын тазалауға көмектесу Мақсаты: балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу 3.К/о: «Тез жеткіз» Мақсаты: балаларды жылдамдыққа,шапшандыққа,тапсырманы дұрыс орындауға үйрету 4.Жеке жұмыс: Үлкендердің ақылын тыңдауға үйрету Мақсаты:Күзгі киім атауларын атап үйрету 5.Еркін ойындар:Балалар қалаған ойындарын ойнау,қадағалап отыру				
Серуеннен оралу	Киімдерін мұқият өздерінің шкафтарына салу,реттеп жинастырып қою				
Түскі ас	Тамаққа қолдарын жуып отыру. Тамақты төкпей-шашпай ұқыпты ішу.Майлықты дұрыс қолдану.Болғасын алғыс айту.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				
	«Әлди-әлди» әуенімен ұйықтату	«Әлди-әлди» әуенімен ұйықтату	«Әлди-әлди» әуенімен ұйықтату	«Әлди-әлди» әуенімен ұйықтату	«Әлди-әлди» әуенімен ұйықтату

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары,	Ұйқыдан ояту жаттығуы : №1				
Бесін ас	Тамақты әбден шайнап,тауысып ішу.				
Ойындар, дербес әрекет.	Жаңа жылдық мереке туралы сурет бойынша әңгіме айту. Мақсаты:сұрақтарға жауап беру	Жыл мезгілдері туралы әңгімелесу.Тақырыбы: «Қыс» Боямақ кітапшамен жұмыс	Биле балақай «Ақшақар» биін үйрету.	Дид/о: «Қай зат кімдікі» Мақсаты:Кімнің пайдаланатын заттары екенін ажыратуға үйрету	Табиғат бұрышындағы еңбек «Үй жануарларымен» таныстыру
Баланың жеке картасына сәйкес жеке жұмыс	Абу Алиға Кітап бұрышындағы еңбек Кітаптарды жыртуға болмайтынын ескерту	Батырға «Қыс» өлеңін жаттатқызу	Райянаға орысша тақпақтар айтқызу. Тілін жаттықтыру,сөздік қорын молайту	Айаруға оң қолмен тамақ жеуді үйрету	Аяғөзге «Қыс» туралы тақпағын жаттатқызу
Серуенге дайындық	Киіну, серуенге шығу, балалармен дербес ойындар				
Серуен	Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Тапсырмаларды орындауға,достыққа тәрбиелеу				
Балалардың үйіне қайтуы.	«Сикырлы қалам» балалар өз отбасының тұратын үйінің суретін салу. Сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру	Ұсыныс: «Келді міне Жаңа жыл» ата-аналарға ертеңгілік өтуі туралы ұсыныстар айту	Көрме. «Тәуелсіз елім-Қазақстан» Баламен бірігіп сурет салып әкелу	Кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру». Балаға көңіл бөлулерін тапсыру	Демалыс күндері балалардың тазалықтарына қадағалау

Желтоқсан айының II апта 10-14 аралығындағы I кіші «Қошақан» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы.

Өтпелі ай тақырыбы: «Бізді қоршаған әлем»

Тәрбиеші: Сарғойшина Н

Апта тақырыбы:«Қуыршақ киімдері»

Мақсаты: Балалардың киім туралы түсініктерін анықтау,киім атауларын бекіту,киім кию реттілігін бекіту,есте сақтауға үйрету

Күн тәртібі	Дүйсенбі 10.12	Сейсенбі 11.12	Сәрсенбі 12.12	Бейсенбі 13.12	Жұма 14.12
Балаларды қабылдау Ата- аналармен әңгімелеу	Тәрбиеші балаларға көтеріңкі көңіл сыйлау үшін,қызықты ойындар ұйымдастыру,жақсы қарым-қатынас орнату.				
Ойындар (үстел-үсті, саусақ және т.б)	Әңгімелеу: «Алақай қыс келді!» Мақсаты:балаларға қыс мезгілі туралы және ерекшеліктері туралы түсіндіру;	Құрылыс ойындары «Қуыршаққа арналған үй» мақсаты: әртүрлі пішіндер мен кубиктерді пайдаланып үй құрастыру	Дидактикалық ойындар «Бізге кім келгенін тауып ал» Мақсаты:Айтылу мен есту жағынан бірдей сөздерді айыра білуге,дауыс ырғағын қадағалай білуге дағдыландыру. Кейбір заттардың аттарын бекіту	Санамақтар айтқызу. Міне басы,міне іші Аяқтары,қолдары,көздері Аузы,сақинадан жасалған Әдемі шашы да барың қолымда бес саусақ. Сол қолымда бес саусақ Бәрін қоссақ-он саусақ	Үстел үсті ойыны «Адасқан аяқ киім» Балалар аяқ киімдердің сыңарын тауып үйрену. Балаларды ойланып жасауға үйрету
Таңертеңгілік гимнастика	№4 таңғы жаттығулар кешені				
Таңғы ас	Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу,майлықты қолдануға үйрету Тамақтан соң ас қайырып, алғыс айту.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Қимылдық ойын: «Қасқыр мен қояндар» Мақсаты: Бір бала қасқырдың рөлінде болады,қалған балалар қояндар болады. Қоян ,қасқыр ұйықтап жатырғанда ұясына жетулері керек,оянып кетсе қасқырдан қашып кетеді	Дид/о: «Қай зат кімдікі» Мақсаты:Кімнің пайдаланатын заттары екенін ажыратуға үйрету	Әңгімелеу: «Жаңа жыл!» Мақсаты:жаңа жыл туралы түсіндіре отырып,аяз ата мен ақшақар,аққала туралы түсіндіру	«Адасқан аяқ киім» Балалар аяқ киімдердің сыңарын тауып үйрену. Балаларды ойланып жасауға үйрету	«Не қайда тұрады» Мақсаты:балаларға әр затты,өз орнына қоюды үйрету. Ұқыптылыққа ,тиянақтылыққа тәрбиелеу

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу кестесі	2.Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Шеберханада» . Мақсаты: Шеңбер етіп қойылған жіптің бойымен жүру. Қол тиер тимес секіру «Масаны ұста». Сызықтар арасымен (сызықтар арақашықтығы 30 см) жүгіру. 1.Аппликация. Тақырыбы: «Әдемі көйлек». Мақсаты: киім түрлерімен таныстыру; дайын пішіндермен көйлекті әшекейлеуге үйрету; қағаз бетіне дұрыс қоюға үйрету; ұсақ қол бұлшықеттерін дамыту; ұқыптылыққа тәрбиелеу;	1.Көркем әдебиет. Тақырыбы: «Киім дүкені» . Мақсаты: Желілік ойын арқылы балаларды киім түрлерімен таныстыру, ұл мен қыздың киімін ажырата білуге үйрету. Бір екі сөздермен сөйлем құратып, ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту. Ұқыптылыққа баулу. 2.Құрастыру. Тақырыбы: «Киім сөресі» (құрылыс материал). Мақсаты:балаларға киімдер туралы түсінік бере отырып, құрылыс материалдарынан киім сөресін құрастыруға үйрету; педагогтың шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңістікте орналастыру;	1.Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Шеберханада» . Мақсаты. Түрлі бағытта жүру. Биіктігі 35 см доғаның астынан еңбектеп өту. Түрлі бағытта жүгіру, «Жапалақтап қар жауды» ойыны. Бір-біріне кедергі жасамай, хабарлай отырып әрекет етуге үйрету. Вестибулярлық аппараттарын дамыту.	2.Сурет салу. Тақырыбы: «Мойынорағышты әшекейлеу» . Мақсаты: Саусақпен сурет салу әдісімен таныстыру. Балаларды саусақты бояуға малып ұсынған пішін бойынша із қалдыру. Қызыл түсті тануға үйрету. Жұмыс жасауда ұқыптылыққа тәрбиелу 1.Жаратылыстану. Тақырыбы: «Қуыршақты серуенге шығару үшін киіндіреміз». Мақсаты: балалардың киім туралы түсініктерін анықтату; киім атауларын бекіту, киім кию реттігін есте ұстауға үйрету; эстетикалық талғамын қалыптастыру;	1.Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Шеберханада» . Мақсаты:. Жіптен ұстап шеңбер жасап жүру. Дөңгелене қойылған жіптің бойымен жүру. Түрлі бағытта жүгіру «Ұшақтар» ойыны 2.Музыка. «Аяқтарды топылдат» . Мақсаты: әнді тыңдауға және әуенге жеңілқозғалуға, шеңбер боймен тұруға, шүруге дағдыландыру, жануарларға деген қызығушылық, қамқорлық сезімін ояту.
Серуенге дайындық	Өз бетімен киіну, киімдерін шкафтарына реттеп салуды қадағалау.				
Серуен	1.Бақылау: Қыс мезгілін бақылау Мақсаты:балаларға қыс мезгілі туралы білімдерін бекіту.Қыста су мұзға айналатынын түсіндіру 2.Еңбек:балалармен аулашыға көмектесу Мақсаты: балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу 3.Қ/о: «Аппақ қар» Мақсаты: балаларға қар домалату арқылы бір-біріне лақтырып ойнау 4.Жеке жұмыс: балаларға қыс туралы өлең жаттату 5.Еркін ойындар:Балаларды бақылау				
Серуеннен оралу	Киімдерін мұқият өздерінің шкафтарына салу,реттеп жинастырып қою				
Түскі ас	Тамаққа қолдарын жуып отыру. Тамақты төкпей-шашпай ұқыпты ішу.Майлықты дұрыс қолдану.Болғасын алғыс айту.				
Түскі ұйқы	«Әлди-әлди» әуенімен ұйықтату				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	Ұйқыдан ояту жаттығуы : №1 Жалпақ табандылықтың алдын-алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру				
Бесін ас	Тамақты әбден шайнап,тауысып ішу.				

Ойындар, дербес әрекет.	Дид/ойын: «иә немесе жоқ» Мақсаты:балаларға сурет бойынша киімдер туралы сұрақ қою арқылы иә немесе жоқ деп жауап беруге үйрету	.Д/о: «Заттардың түсін ажыратайық» Мақсаты: Заттың түсін ажырата білуге балаларды жаттықтыру.	Ертегі оқу Тақырыбы: «Үш аю» Мақсаты:балаларға үш аю ертегісін оқып беріп және түсініктерін сұрау	Жаңа жылға арналған тақпақтарын жаттату. Мақсаты:есте сақтау қабілеттерін арттыру	С-рөлдік ойын: «Отбасы» Мақсаты:Отбасы туралы жөнінде мағлұмат беру
Баланың жеке картасына сәйкес жеке жұмыс	Нұрислам Еркін тақырыпта суреттерді бояу	Дендербайға «Шырша жыры» өлеңін жаттау	Кәусарға Табиғат бұрышындағы гүлдерді суару	Батырға ойыншықтарды реттеп жинастыру,қадағалау	Айкөркемге Қыс туралы ән жаттау,жауап беруге үйрету
Серуенге дайындық	Киіну, серуенге шығу, балалармен дербес ойындар				
Серуен	Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Тапсырмаларды орындауға,достыққа тәрбиелеу				
Балалардың үйіне қайтуы.	«Қыс»туралы тақпақтарын қайталату	Балабақша ақысы Төлем ақы уақытылы төленуі	Жаңа жылға арналған өлеңдерін қайталату	Тазалықты сақтану Ата-аналарға балаларының тазалығын қадағалау	Көңілді демалыс! Демалыс күндерін қызықты өткізуге кеңес беру

Желтоқсан айының ІІІ апта 17-21 аралығындағы І кіші «Қошақан» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы.
 Өтпелі ай тақырыбы: «Бізді қоршаған әлем»
 Тәрбиеші: Сарғойшина Н
 Апта тақырыбы: «Бдыстар»

Мақсаты: Балаларды ас үй жабдықтарымен таныстыру,ыдыс-аяқ түрлерімен таныстырып,аттарын атап, ажыратуға үйрету

Күн тәртібі	Дүйсенбі 17.12	Сейсенбі 18.12	Сәрсенбі 19.12	Бейсенбі 20.12	Жұма 21.12
Балаларды қабылдау Ата- аналармен әңгімелеу	Тәрбиеші балаларға көтеріңкі көңіл сыйлау үшін,қызықты ойындар ұйымдастыру,жақсы қарым-қатынас орнату.				
Ойындар (үстел-үсті, саусақ, дидактикалық және т.б)			Дидактикалық ойындар «Ойыншықты тап» Мақсаты:карточкалар арқылы әртүрлі суреттердің арасынан ойыншық бейнесі бейнеленген карточкаларды табу	Санамақтар айтқызу. Бір-таңертең тұр, Екі-шынығып бекі, Үш-тазала тіс, Төрт-сабындап жу,бет Бес-сүртін тез!	Үстел үсті ойыны «Киімдерді құрастыр» әртүрлі киімдері бар карточкалар арқылы құрастыру
Таңертеңгілік гимнастика	№4 таңғы жаттығулар кешені				
Таңғы ас	Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу,майлықты қолдануға үйрету Тамақтан соң ас қайырып, алғыс айту.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық			Дидактикалық ойындар «Не артық?» Мақсаты:балалардың ойлау қабілеттерін дамыту	Қимылдық ойын: «Допты қағып ал» Мақсаты: допты жоғары лақтырып,қайта қағып алу. Балаларды шапшаңдыққа,жылдамдыққа баулу	Жаңа жылға арналған тақпақтарын жаттату. Мақсаты:есте сақтау қабілеттерін арттыру

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу кестесі			2.Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: «Қоянның туған күні». Мақсаты: Балаларға ыдыстар мен тағамдардың аттарын үйрету, оларды ажыратуға жаттықтыру. Қонақ күту ережелерімен таныстыру. Қонақжайлыққа баулу; 1.Музыка Тақырыбы: «Дастархан» Мақсаты: Өуенді тыңдауға, есте сақтау қабілетін арттыруға, ырғақты ажыратуға үйрету. Өуеннің ырғағына сай жай басып жүруге, жүгіруге дағдыландыру	Сенсорика. Тақырыбы:«Үлкен-кіші кеселер». Мақсаты: балаларға ыдыс-аяқты таныстыру; үлкен-кішіні айыра білуге үйрету; кеңістікті пайдалана отырып, ыдыстарды орналастыру;	1.Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Асханаға саяхат». Мақсаты: Қол ұстасып жұппен жүру. Түрлі бағытта жүру «Біз көңілді қар бүршігі». Допты екі қолмен төменнен лақтыру. «Қар кесегін қуып жет». Тыныс алу жаттығуын орындау «Жел соғады». 2. Музыка. Тақырыбы: «Кел, ойнайық!». Мақсаты: Тыңдау ынтасын тәрбиелеу, ширақ және сабырлы сипатын қимыл арқылы көрсету, төмен және жоғары дыбыстарды есту, сезіну. Әннің мәтініне байланысты сай қимыл жасау
Серуенге дайындық	Өз бетімен киіну, киімдерін шкафтарына реттеп салуды қадағалау.				
Серуен	1.Бақылау:Ағаштарды бақылау Мақсаты: Ағаштардың қысқы көркін бақылап,табиғаттың қорғаушысы болуға тәрбиелеу 2.Еңбек: Ағаштардың түптеріне қар жинау Мақсаты: ағаштың түбін қармен жабудың сырын,пайдасын айтып түсіндіру 3.К/о: «Тышқан мен Мысық» Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, ойын ережесін бұзбай ойнауға үйрету 4.Жеке жұмыс: қардан аққала жасау 5.Еркін ойындар:Балалар өздерінің қалаған ойындарын қызығушылықпен ойнайды,оларды қадағалау				
Серуеннен оралу	Киімдерін мұқият өздерінің шкафтарына салу,реттеп жинастырып қою				
Түскі ас	Тамаққа қолдарын жуып отыру. Тамақты төкпей-шашпай ұқыпты ішу.Майлықты дұрыс қолдану.Болғасын алғыс айту.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.				
			«Әлди-әлди» әуенімен ұйықтату	«Әлди-әлди» әуенімен ұйықтату	«Әлди-әлди» әуенімен ұйықтату
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары,	Ұйқыдан ояту жаттығуы : №1 Кереуеттегі жаттығулар «Керілу»-бастапқы қалып: шалқасынан жату.өкшелерімізбен алға қарай созылу,екі қолымыз-жоғары қарай 3рет				
Бесін ас	Тамақты әбден шайнап,тауысып ішу.				

Ойындар, дербес әрекет.			Ертегі оқу Тақырыбы: «Қызыл телпек» Мақсаты:балаларды сөздік қорын дамыту	Жыл мезгілдері туралы әңгімелесу. Тақырыбы: «Қыс» мақсаты:сұрақтарға жауап беруге үйрету	Дид/ойын: «Қуыршақ Сәуле қонақ күтуде» Мақсаты: Отбасы мүшелеріне қамқор болуға тәрбиелеу
Баланың жеке картасына сәйкес жеке жұмыс			Равильмен Айзерге Қ/О: «Көршінді тап» мақсаты: әуен жүрген езде балалар билей бастайды,әуен тоқтаған кезде балалар қасындағы достарының қолдарын ұстауларын қажет.	Зинұрға .Қим/ойын: «Қимылын көрсет» Мақсаты:тәрбиеші айтқан жануарлардың қимыл жүрісін салу	Айкөркемге Табиғат бұрышындағы гүлдерді суару,шаңын сүрту
Серуенге дайындық	Киіну, серуенге шығу				
Серуендеу	Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Тапсырмаларды орындауға,достыққа тәрбиелеу				
Балалардың үйіне қайтуы.			Кеңес: «Балабақшадағы баланың киімі» балалардың киіміне назар аударып,таза болуын қадағалау	«Жаңа жыл» мерекесіне тақпақтарын жаттатқызу	Алақай демалыс! Демалыс күндерін қалай өткізетіндері туралы сөйлесу

Желтоқсан айының IV апта 24-28 аралығындағы І кіші «Қошақан» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы.

Өтпелі ай тақырыбы: «Бізді қоршаған әлем»

Тәрбиеші: Утегенова М

Апта тақырыбы: «Ғажайып қыс»

Мақсаты: балаларға қыс мезгілі туралы түсінік беру. Қыс мезгіліндегі ерекшеліктермен таныстырып, қоршаған ортамен таныстыру арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 24.12	Сейсенбі 25.12	Сәрсенбі 26.12	Бейсенбі 27.12	Жұма 28.12
Балаларды қабылдау Ата- аналармен әңгімелеу	Тәрбиеші балаларға көтеріңкі көңіл сыйлау үшін,қызықты ойындар ұйымдастыру,жақсы қарым-қатынас орнату.				
Ойындар (үстел-үсті, саусақ және т.б)	Саусақ ойындары Бала,бала ,балақан Қане,қайсы алақан. Саусақтарың әйбат, Былай-былай ойнат.	Құрылыс ойындары «Кім жылдам құрастырады» Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу	Дидактикалық ойындар «Не артық?» Мақсаты:балалардың ойлау қабілеттерін дамыту	Санамақтар айтқызу Бір дегенім-бүркіт, Қалады аңдар үркіп, Екі дегенім-ешкі, Қорамызды тесті, Үш дегенім-үйім, Үйде жақсы күйім. Төрт дегенім-түлік, Жүрші мұны біліп. Бес дегенім-бесік Шықтық одан өсіп.	Үстел үсті ойыны: «Кім шапшаң?» Мақсаты:балалардың ой өрісін дамыту мақсатында,карточкаларды пайдалану арқылы құрастыру.
Таңертеңгілік гимнастика 5 мин	№4 таңғы жаттығулар кешені				
Таңғы ас	Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу,майлықты қолдануға үйрету Тамақтан соң ас қайырып, алғыс айту.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Қимылдық ойын: «Тез қуып жет!» Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа,жылдамдыққа,ептілікке баулу	Үстел үсті ойыны «Сыңарын тап»	Қыс туралы суреттер қарау	Қыс туралы тақпақтарын қайталау	Қимылдық ойын: «Допты қағып ал» Мақсаты: допты жоғары лақтырып,қайта қағып алу. Балаларды шапшаңдыққа,жылдамдыққа баулу

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі кестесі	1.Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Қыс қызықтары». Мақсаты: Қол ұстасып жұппен жүру. Қол тиер тиместей секіру «Қар ұшқындарын тосып алу». Түрегеп тұрып бір қолмен допты домалату «Қар кесегін домалату». 1.Мүсіндеу. Тақырыбы: «Аққала». Мақсаты: Балаларды аққаланың қандай бөліктерден құралатынымен таныстыру. Екі дөңгелек қимылдармен кесектерді домалатуға, оларды біріктіруге үйрету. Балаларға аққаланы жасап, қуана білуге ынталандыру.	1.Көркем әдебиет. Тақырыбы: «Қыс» (өлең) Абдрахман Асылбеков. Мақсаты: Ақын туындыларына қызығушылықты, көтеріңкі көңіл-күйді қалыптастыруға баулу. Іс-қимыл әрекеттердің атауы: қалтырайды, ағарады, қар, қыс,үлбіреген, аққала сөздерін қолану арқылы сөздік қорларын кеңейту. 2.Құрастыру Тақырыбы: «Аққала» Мақсаты: қыс мезгілі туралы түсінік беру; әртүрлі көлемдегі дөңгелектерден кеңістікті дұрыс пайдалана отырып, пішіндерді орналастыру, құрастыру	1.Дене шынықтыру. Тақырыбы: : «Қыс қызықтары». Мақсаты: Берілген бағыт бойынша тәрбиешінің соңынан «шағын топпен» жүру «Аққалаға қонаққа барамыз». Түрлі бағытта жүгіру «Қар жауып тұр». Түзу қойылған жіптің бойымен жүру. Бірлесіп ойнаудың қарапайым дағдыларына тәрбиелеу.	1.Жаратылыстану. Тақырыбы: «Қыс қызығы». Мақсаты: балалардың қыс мезгілі туралы түсінігін кеңейту; қыс мезгілін сулулығын тамағалай білуге, табиғаттың ерекшелігін сезіне білуге, қоршаған ортамен танысу арқылы баның ой-өрісін дамыту; 2.Сурет салу. Тақырыбы: «Ақ ұлпа қарлар». Мақсаты: Бояуды сүйкей жағау тәсілі арқылы жіңішке сызықтар түсіре отырып, жауып тұрған ұлпа қардың бейнесін көк түсті қағазға гуашты пайдалана отырып салуға үйрету. Сурет салу іскерліктерін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.	1.Дене шынықтыру. Тақырыбы: : «Қыс қызықтары». Мақсаты: «Серуендейміз». Сызықтар арасымен (сызықтың арасының арақашықтығы 25 см) жүгіру. 20 см көтерілген тақтайшаның үстінде төрттағандап жүру. Түрлі бағытта жүру 2.Музыка. Тақырыбы: «Қыс» Мақсаты: Көңілді шат-шадыман музыка тыңдауға, естуге ынталандыру. Қимылдық ойын арқылы ән айту . Ән тыңдау: «Ақша қар» К.Қуатбаев. Ән айту: «Ай-ай қысым-ай» А.Еспенбетова. Әуенді-ырғақты қимыл-ойын: «Аққаланы құрастыр»
Серуенге дайындық	Өз бетімен киіну, киімдерін шкафтарына реттеп салуды қадағалау.				
Серуен	1.Бақылау: Қыс мезгілін бақылау Мақсаты:қыс мезгілі туралы,жалпы аппақ қар, аққала, аяз ата туралы түсініктерін жетілдіру 2.Еңбек:аулашыға көмектесу Мақсаты: балаларды бірігіп еңбектенуге тәрбиелеу 3.К/о: «Аққала» Мақсаты: балалармен бірігіп аққала жасауға көмектесу,қуаныш сезімін тудыру 4.Жеке жұмыс: «Шырша» әнін жаттау 5.Еркін ойын:йын барысында бірігіп ойнауларын қадағалау				
Серуеннен оралу	Киімдерін мұқият өздерінің шкафтарына салу,реттеп жинастырып қою				
Түскі ас	Тамаққа қолдарын жуып отыру. Тамақты төкпей-шашпай ұқыпты ішу.Майлықты дұрыс қолдану.Болғасын алғыс айту.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.				
	«Бесік жыры» әуенімен ұйықтату	Жай әуенмен ұйықтату	«Түлкі мен ешкі» жертегісін оқып беру	«Әлди-әлди бөпешім» әуенін тыңдату	Жай әуенмен ұйықтату
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары,	Ұйқыдан ояту жаттығуы : «Толқын»–Бастапқы қалып:шалқасынан жату,аяқтарын бүгіп,тізелерін ішіне қарай тарту,аяқтарын тік ұстау.3-5сек үзіліс				

Бесін ас	Тамақты әбден шайнап, тауысып ішу.				
Ойындар, дербес әрекет.	1. Дид/ойын: «Қуыршақты киіндірейік» Мақсаты: ұл балалармен қыз балалардың киімдерін ажыратуға үйрету 2. Отбасы туралы сурет бойынша әңгіме айту Мақсаты: сұрақтарға жауап беру	1. Д/О: «Иә немесе жоқ» Мақсаты: карточкалар бойынша суреттер көрсетіледі, ойыншықтарға жата ма, жоқпа көрсетеді 2. Жаңа жылға арналған әндерін жаттату. Ән «Шырша жыры»	1. Ертегі оқу. Қуыршақ театры арқылы «Үш аю» ертегісін тамашалау Мақсаты: балалардың сөздік қорын дамыту. 2. Д/о «Атын атап бер» Мақсаты: сурет бойынша заттардың атын атап, түстерін ажырату	1. Сюжетті-рөлдік ойын: «Отбасы» Мақсаты: отбасы мүшелері туралы түсіндіре отырып, үлкендерді сыйлау керектігін айту. 2. Дид/ойын: «Көршісін тап» Мақсаты: берілген сурет бойынша заттардың қасындағы көршісін табу	1. Кітап бұрышындағы еңбек, кітаптарды реттеу. 2. Дид/ойын: «Сыңарын тап» Мақсаты: берілген карточкалар арқылы аяқ киімдердің сыңарын табулары қажет.
Баланың жеке картасына сәйкес жеке жұмыс	Жанельмен Алинұрға Қыс мезгіліне арналған тақпақтарын тиянақтап, пысықтау	Аягөзбен Нұрисламға Отбасы туралы әңгімелеу. Отбасы мүшелерін атау	Батыр мен қыс мезгілі туралы әңгімелесу Мақсаты: сұрақтарға жауап беруге үйрету	Айару мен Райянаға Жаңа жыл мерекесіне арналған әндерін жаттату	Абу Алимен Дид/ойын: «Дәл осындай пішінді тап» мақсаты: геометриялық пішіндермен таныстыру
Серуенге дайындық	Киіну, серуенге шығу				
Серуендеу	Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Тапсырмаларды орындауға, достыққа тәрбиелеу				
Балалардың үйіне қайтуы.	«Ойын ойнап ән салмай, өсер бала болама?» берілген жаттау өлеңдерге мән беру	Кеңес: «Дені саудың жаны сау» балалардың денсаулығына назар аудару	Желтоқсан айында туылған балаларды туған күндерімен құттықтау	«Алақай қыс келді!» қыс мезгілі турлы өлеңдер жаттау	«Алақай, демалыс» демалыс күндерін қалай өткізетіндері туралы сөйлесу

Қаңтар айының І апта 31-4 аралығындағы І кіші «Қошақан» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы.

Өтпелі ай тақырыбы: «Біздің кіші достарымыз»

Тәрбиеші: Сарғойшина Н

Апта тақырыбы: «Ауладағы құстар. Үй құстары»

Мақсаты: Үй құстарының түрлерін, тіршілігін, қоректенуін бақылау, сыртқы ерекшеліктерін сипаттауға үйрету

Күн тәртібі	Дүйсенбі 31.12	Сейсенбі 01.01	Сәрсенбі 02.01	Бейсенбі 03.01	Жұма 04.01
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелеу	Тәрбиеші балаларға көтеріңкі көңіл сыйлау үшін, қызықты ойындар ұйымдастыру, жақсы қарым-қатынас орнату.				
әңгімелеу Ойындар (үстел-үсті, саусақ және т.б.)	Қимылды ойын: «Құс болып ұшайық» Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, тез қимылауға баулу			Дид/ойын: «Тауық және оның балапандары» мақсаты: құстар туралы түсінік қалыптастыру	Дид/ойын: «Құстардың дауысын салайық» Мақсаты: құстарды дауысы бойынша айыра білуді үйрету.
Таңертеңгілік гимнастика 5 мин	№5 таңғы жаттығулар кешені				
Таңғы ас	Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу, майлықты қолдануға үйрету Тамақтан соң ас қайырып, алғыс айту.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Қимылдық ойын: «Көлеңке» Мақсаты: Аңдар туралы түсініктерін кеңейту, қимылдары мен жүрісін салу			Д/О: «Иә немесе жоқ» Мақсаты: карточкалар бойынша суреттер көрсетіледі, ойыншықтарға жата ма, жоқпа көрсетеді	1 Дид/ойын: «Қуыршақты киіндірейік» Мақсаты: ұл балалармен қыз балалардың киімдерін ажыратуға үйрету

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу кестесі	1.Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Тауық балапандарымен». Мақсаты: Қол ұстасып жұппен жүру. Бір орында тұрып қос аяқтап секіру. Арақашықтығы 50 см жерден ересектерден допты тосып алу. Дене бітімінің дұрыс қалыптасуына мүмкіндік беретін түрлі бұлшық ет топтарын нығайту. 2.Музыка. Тақырбы: «Көңілді қаздар». Мақсаты: Үлкеннің көрсеткен қимылын қабылдау және орындау ептіліктерін қалыптастыруды жалғастыру. Билерде және ойындарда музыка әуенімен бірінің қолынан бірі ұстап жүру, жүгіру. Қимыл әсемділігін дамыту		;	1.Сенсорика. Тақырыбы: «Әтешті құрастырамыз». Мқсаты: Көлемі бойынша сақиналарды таңдай отырып, пирамиданы жинауға үйрету, үлкен және кішкентай сақинаны татқызу, ұжымдаса әрекет ете отырып пирамиданы жинауды орындату, ұсақ қол маторикасын жетілдіру.	1.Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Тауық балапандарымен». Мақсаты: Қол ұстасып шеңбер бойымен жүру. Гимнастикалық қабырғаға өз бетімен жоғары, төмен өрмелеу «Маймылдар». 2.Музыка Тақырыбы: «Құстар ән салады» Мақсаты: Әннің мағынасын түсіне білуге, мәнерлеп әндете айтуға үйрету.балалардың жеке, топпен және жұптасып ән айту дағдыларын бекіту. Зейін, есту қабілетін дамыту
Серуенге дайындық	Күрешелерінің сырмаларын салуға үйрету				
Серуен	1.Бақылау: «Қыс қызығы» қарға бейне салу Мақсаты: сызықтар жүргізу арқылы қардың бетіне бейне салу 2.Еңбек:аулашыға көмектесу Мақсаты: балаларды бірігіп еңбектенуге тәрбиелеу 3.К/о: «Құс болып ұшайық» Мақсаты: балалармен бірігіп аққала жасауға көмектесу,қуаныш сезімін тудыру 4.Жеке жұмыс: балаларға қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелеу 5.Еркін ойын: балалар өздері қалаған ойындарын ойнайды,қадағалау				
Серуеннен оралу	Киімдерін мұқият өздерінің шкафтарына салу,реттеп жинастырып қою				
Түскі ас	Тамаққа қолдарын жуып отыру. Тамақты төкпей-шашпай ұқыпты ішу.Майлықты дұрыс қолдану.Болғасын алғыс айту.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.				
	«Бесік жыры» әуенімен ұйықтату	«Бесік жыры» әуенімен ұйықтату	«Бесік жыры» әуенімен ұйықтату	«Бесік жыры» әуенімен ұйықтату	«Бесік жыры» әуенімен ұйықтату

Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары,	Ұйқыдан ояту жаттығуы : «Әлпеншек»-шалқасынан жату,тізелерін құшақтап аяқтарын ішіне қарай тарту,тербетілу				
Бесін ас	Тамақты әбден шайнап,тауысып ішу.				
Ойындар, дербес әрекет.	1.Әңгімелеу: «Қыс қызығы» мақсаты: қыс мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру			1.Сюжетті-рөлдік ойын: «Дәрігер» Мақсаты:дәрігер мамандығымен,оның ерекшеліктерімен таныстыру	1.Дид/ойын: «Танып ал,атын ата» Мақсаты:сурет бойынша балаларды құстармен таныстырып,атын атауға үйрету
Баланың жеке картасына сәйкес жеке жұмыс	Равильға .Балалардың тілін дамыту мақсатында тілдік жаттығулар жасату Мысалы: ат шауып келеді			Зинұрмен Дендербай.Құрылыс ойыншықтарымен ойын /әртүрлі ғимарат немесе қақпа жасау/	Дианаға.Боямақ бояу. Қарындашпен ұқыпты жұмыс жасауға үйрету
Серуенге дайындық	Киіну, серуенге шығу				
Серуен	Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Тапсырмаларды орындауға,достыққа тәрбиелеу				
Балалардың үйіне қайтуы.	Қыс туралы таппақ жаттау, қадағалау			«Қыс қызығы»атты балалар жұмытарына көрме ұйымдастыру	Сурет бойынша үй құстарын атауды үйрету

Қаңтар айының ІІ апта 7-11 аралығындағы І кіші «Қошақан » тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы.
 Өтпелі ай тақырыбы: «Біздің кіші достарымыз»
 Тәрбиеші: Сарғойшина Н
 Апта тақырыбы:«Үй жануарлары»

Мақсаты: Үй жануарларын оның төлдерін танып білуге және атауға дауыстарына қарай ажыратуға үйрету. Балаларды қамқорлыққа тәрбиелеу

Күн тәртібі	Дүйсенбі 07.01	Сейсенбі 08.01	Сәрсенбі 09.01	Бейсенбі 10.01	Жұма 11.01
Балаларды қабылдау Ата- аналармен әңгімелеу	Тәрбиеші балаларға көтеріңкі көңіл сыйлау үшін,қызықты ойындар ұйымдастыру,жақсы қарым-қатынас орнату.				
Ойындар (үстел-үсті, саусақ және т.б)	Әңгімелеу «Үй жауарлары» Мақсаты:үй жануарлары туралы түсінік бере отырып,сөздік қорларын дамыту	Дидактикалық ойын: «Ненің дауысы» Мақсаты:үй жануарларының дауысын ажыратуға үйрету	Үй жануарлары туралы тақпақ жаттау Қошақаным қойдың, Қайда қалып қойдың Бұлтиып тұр бүйірің Қай өрістен тойдың	Тілге жаттығу: Ыс-ыс-ыс келіп жетті қыс, Ар-ар-ар қыста жауады қар, Боран соғады боран, На-на зулайды шана	Қимылмен көрсету Лақша секіріп, Қозыдай маңырап, Құлындай ойнақтап, Ботадай маң басып жүру
Танертеңгілік гимнастика 5 мин	№5 таңғы жаттығулар кешені				
Таңғы ас	Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу,майлықты қолдануға үйрету Тамақтан соң ас қайырып, алғыс айту.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Қимылдық ойын: «Саңырауқұлақ» Мақсаты: балалар елестету арқылы орманда жүріп,өлең айтып,саңырауқұлақ теру керек,қасқыр көріп,қасқырдан қашады. Жылдамдық пен ептілікке тәрбиелеу	Д/О: «Иә немесе жоқ» Мақсаты:карточкалар бойынша суреттер көрсетіледі,ойыншықтарға жата ма ,жоқпа көрсетеді	Дид/ойын: «Көршісін тап» Мақсаты:берілген сурет бойынша заттардың қасындағы көршісін табу	Дид/ойын: «Сыңарын тап» Мақсаты:берілген карточкалар арқылы аяқ киімдердің сыңарын табулары қажет.	Дид/ойын: «Тауық және оның балапандары» мақсаты: құстар туралы түсінік қалыптастыру

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу кестесі	2.Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Кішентай қошақандар». Мақсаты: Заттарды айнала отырып жүгіру «Жылан». Жіптен секіру «Ордан секіріп өт». 60 см арақашықтықта тәрбиешіден допты тосып алу. 1.Аппликация . Тақырыбы: «Төлдерге арналған қоршау». Мақсаты: төлдер туралы білімдерін нығайту; көлемі бірдей жолашақтарды сызық бойына дұрыс орналастыру дағдыларын қалыптастыру; .	1.Көркем әдебиет. Тақырыбы: «Төлдер айтысы» . Мақсаты: Балаларды өлең мазмұнымен таныстыру. шығарма тыңдау арқылы үй жануарларының төлдері туралы түсінік бере отырып, оларды ажырата білуге үйрету; Баланың диалогты сөйлеу тілін, әңгімелеп айту қабілетін дамыту; 2.Құрастыру. Тақырыбы: «Жануарларға арналған аласа қаша» . Мақсаты: жануарлаға арналған аласа қаша тұрғызу; кірпіштерді жіңішке ұзын қырларымен қалау арқылы тік бұрышты құрылма құрастыруды үйрету;	1.Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Кішентай қошақандар». Мақсаты: Шеңбер бойымен жүгіру. 30 секунд бойы тоқтамай жүгіру. Қос аяқтап секіру «Менің көңілді, сыңғырлаған добым». Дене шынықтырумен айналысу ниетін, дене шынықтыру жаттығуларын орындауға тәрбиелеу.	1.Жаратылыстану. Тақырыбы: «Әжемнің ауласында». Мақсаты: Үй жануарларымен (сиыр, ешкі, мысық, ит.т.б) олардың дене мүшелерімен, шығаратын дыбыстарымен, қоректену тәсілдерімен, келтіретін пайдасымен таныстыру; 2.Сурет салу. Тақырыбы: «Қошақандарға шөп береміз». Мақсаты: Жасыл түсті пайдалана отырып, қысқа сызықтарды бір-біріне жақын салуға үйрету, саусақ бұлшықеттерін, қол қимыл қозғалыстарының икемділіктерін дамыту, үй жануарларына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу	1.Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Кішентай қошақандар». Мақсаты: Заттарды айнала отырып жүгіру «ойыншыққа тиіп кетпе». Баланың кеуде тұсынан керілген арақашықтығы 1 м болатын жіптен допты асыра лақтыру. Гимнастикалық қабырғаға өз бетімен жоғары, төмен өрмелеу «Маймылдар». 2.Музыка. Тақырыбы: «Жануарлар әлемінде». Мақсаты: Әндегі жеке сөздерді дауысты жылдамдатпай айтуды қалыптастыру. Ән-би мазмұнын қимылмен жеткізу. Ән тыңдау: «Төлдер» Б.Ғизатов. Ән айту: «Төлдерді шақыру» Д.Ботбаев. Әуенді-ырғақты қимыл-ойын: «Не қалай дыбыстайды?»
Серуенге дайындық	Өз бетімен киіну, киімдерін шкафтарына реттеп салуды қадағалау.				
Серуен	1.Бақылау: Қыс мезгіліндегі адамдардың киім киісін бақылау Мақсаты:қыс мезгілі туралы,жалпы аппақ қар, аққала, аяз ата туралы түсініктерін жетілдіру 2.Еңбек:аулашыға көмектесу Мақсаты: ауладағы қарды тазалауға көмектесу, балаларды тазалыққа,еңбекқорлыққа баулу. 3.К/о: «Күн мен түн» Мақсаты: балаларда әртүрлі қимыл-қозғалысын дамыту,шапшандыққа,ептілікке,ұйымшылдыққа тәрбиелеу 4.Жеке жұмыс: «Қысқы киім» Мақсаты: қысқы киім атуларын атап үйрету 5.Еркін ойын:				
Серуеннен оралу	Киімдерін мұқият өздерінің шкафтарына салу,реттеп жинастырып қою				
Түскі ас	Тамаққа қолдарын жуып отыру. Тамақты төкпей-шашпай ұқыпты ішу.Майлықты дұрыс қолдану.Болғасын алғыс айту.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.				
	«Бесік жыры» әуенімен ұйықтату	«Бесік жыры» әуенімен ұйықтату	«Әлди-әлди бөпешім» әуенін тыңдату	«Әлди-әлди бөпешім» әуенін тыңдату	Жай әуенмен ұйықтату

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары,	Ұйқыдан ояту жаттығуы : «Толқын»–Бастапқы қалып:шалқасынан жату,аяқтарын бүгіп,тізелерін ішіне қарай тарту,аяқтарын тік ұстау.3-5сек үзіліс				
Бесін ас	Тамақты әбден шайнап,тауысып ішу.				
Ойындар, дербес әрекет.	1.Қим/ойын: «Торғай мен мысық» Мақсаты: шапшаңдыққа,ептілікке баулу 2.Қыс мезгілі туралы сурет бойынша әңгіме құрастырып айту. Мақсаты: сұрақтарға жауап беру	1.Д/О: «Жасырғанды тап» Мақсаты:байқағыштық қабілеттерін дамыту 2.Қыс мезгіліне байланысты өлеңдерін тиянақтау «Шырша жыры»	1.Ертегі оқу. Үстел үсті театры арқылы «Жеті лақ» ертегісін тамашалау Мақсаты:балалардың сөздік қорын дамыту. 2.Д/о «Атын атап бер» Мақсаты:сурет бойынша заттардың атын атап,түстерін ажырату	1.Сюжетті-рөлдік ойын: «Отбасы» Мақсаты:отбасы мүшелері туралы түсіндіре отырып,үлкендерді сыйлау керектігін айту. 2.Дид/ойын: «Көршісін тап» Мақсаты:берілген сурет бойынша заттардың қасындағы көршісін табу	1..Дид/ойын: «Құстарды табайық» Мақсаты:берілген ойыншықтардың суреттері арасынан құстарды табу. 2.Қазақ бұрышымен таныстыру
Баланың жеке картасына сәйкес жеке жұмыс	Алинұр мен Аягөзге Қыс мезгіліне арналған тақпақтарын тиянақтап,пысықтау	Айкөркем мен Отбасы туралы әңгімелеу. Отбасы мүшелерін атау	Батыр мен Қыс мезгілі туралы әңгімелесу Мақсаты:сұрақтарға жауап беруге үйрету	Дендербай мен Әңгімелеу: «Үй жануарлары» Мақсаты:атын атауға,төлдерін табуға үйрету	Кәусар Боямақ бояу,қарындашпен ұқыпты жұмыс жасауға үйрету
Серуенге дайындық	Киіну, серуенге шығу.				
Серуен	Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Тапсырмаларды орындауға,достыққа тәрбиелеу				
Балалардың үйіне қайтуы.	Тазалықты қадағалау	Кеңес: «Дәрумендердің бала өміріндегі маңызы»	«Көңілді қаздар»өлеңін жаттау	Ата-аналарға үйде ертегі оқып берулерін айту	Кеңес: таңғы жаттығудың маңызы

Қаңтар айының ІІІ апта 14-18 аралығындағы І кіші «Қошақан» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы.
 Өтпелі ай тақырыбы: «Біздің кіші достарымыз»
 Тәрбиеші: Сарғойшина Н

Апта тақырыбы:«Орманда нелер мекендейді»

Мақсаты: Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру,жануарлар мен құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу,оларға тән ерекшеліктермен таныстыру,дене бөліктерін ажыратып,атай білуге үйрету.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 14.01	Сейсенбі 15.01	Сәрсенбі 16.01	Бейсенбі 17.01	Жұма 18.01
Балаларды қабылдау Ата- аналармен әңгімелеу	Тәрбиеші балаларға көтеріңкі көңіл сыйлау үшін,қызықты ойындар ұйымдастыру,жақсы қарым-қатынас орнату.				
Ойындар (үстел-үсті, саусақ және т.б)	Әңгімелеу «Әжемнің ертегілері» Саусақ театры кейіпкерлерімен ертегі құрастырып айту	Дидактикалық ойындар «Не қайда тұрады» Мақсаты: балаларға берілген сурет бойынша әр затты,өз орнына қоюды үйрету. Ұқыптылыққа , тиянақтылыққа тәрбиелеу	Құрылыс ойындары «Пирамида» Мақсаты: текшелерді пайдалану арқылы пирамида құрастыру	Санамақтар айтқызу Бір-таңертең тұр, Екі-шынығып бекі Үш-тазала тіс Төрт-сабындап жу,бет Бес-сүртін тез	Үстел үсті ойыны. Монтессори элементтері «Байлау,түймек салу» Мақсаты:саусақ моторикасын дамыу
Таңертеңгілік гимнастика 5 мин	№5 Таңғы жаттығулар кешені				
Таңғы ас	Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу,майлықты қолдануға үйрету Тамақтан соң ас қайырып, алғыс айту.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Қимылдық ойын: «Көлеңке» Мақсаты: Аңдар туралы түсініктерін кеңейту,қимылдары мен жүрісін салу				

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу кестесі	2.Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Түлкі мен қояндар». Мақсаты: Шеңбер бойымен жүру. Тапсырмалар арқылы жүру: домалап бара жатқан допты қуып жету «Допты ұста». Дене сапасын дамыту (күш, шыдамдылық, жылдамдық). 1.Сурет салу. Тақырыбы: «Маймақ маң-маң басады». Мақсаты: Аюдың ізін қылқаламмен, қарындашпен үлкен және кіші дақ түсіру арқылы салуға үйрету. Жұмыс барысында балалардың өз алдына жеке дербес әрекет етуі мен белсенділігін дамыту. Қыс мезгілінде аңдарға, жан-жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	1.Жаратылыстану. Тақырыбы: «Жабайы аңдар». Мақсаты: Балаларға жабайы аңдар туралы түсінік беріп, оның ішінде аю, түлкі, қасқыр, қоянмен жақын таныстыру. Олардың не себепті жабайы аңдардың қатарына жататындығын түсіндіру, оның тіршілігі туралы әңгімелесу. Аңдарға, қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауға баулу. 2.Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Түлкі мен қояндар». Мақсаты: Жүруден жүгіруге ауысу «Поезд». 10 см көтерілген тақтайшаның үстінде төрттағандап жүру. 70 см арақашықтықта тәрбиешіден допты тосып алу.	1.Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: «Бауырсақ» ертегісін әңгімелеп беру. Мақсаты: Балаларды ертегі мазмұнын тыңдауға және түсінуге үйрету. Педагогтың қойған сұрағы бойынша белсенді тілін дамыту. Бауырсақпен кездескен аңдардың көмегін есіне сақтап, қойған сұраққа сөзбен сөйлеммен жауап беруге, 3-4 сөзден тұратын құрап айтуға дағдыландыру. Баланы сезіне білуге тәрбиелеу. 1.Музыка. Тақырыбы: «Орманда жақсы». Мақсаты: Музыкалық есте сақтауды және есту түсінігін дамыту, музыкалық шығармаларды тыңдауға және не туралы айтылып тұрғанын жеткізе білуге үйрету.	1.Сенсорика. Тақырыбы: «Көжекті жасыр». Мақсаты: төрт мүмкіндіктің ішінен екі берілген нысанды таңдауға үйрету; түстері бойынша нысандарды топтастыру дағдысын бекіту; сары, көк, жасыл, қызыл түстермен балаларды таныстыруды жалғастыру; ұсақ қол моторикасын жетілдіру;	1.Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Түлкі мен қояндар». Мақсаты Түрлі бағытта жүру. 35 сек бойы тоқтамай жүгіру. Бір орында тұрып қос аяқтап секіру. Тыныс алу бұлшық ет-тыныс алу жаттығуларын дамыту «Поезд келеді» - «пыш-пыш». 2. Музыка. Тақырыбы: «Қоян біздің орманда». Мақсаты: Музыкалық шығармаларды тыңдауда зейінді, сондай-ақ музыкалық есте сақтау мен есту түсінігін дамыту. Ән айтуда және әнге қосылып айтуда балалардың белсенділігін дамыту.
Серуенге дайындық	Күртешелерінің сырмаларын салуға үйрету				
Серуен	1.Бақылау: Қыстап қалатын құстарды бақылау Мақсаты: балаларға қыстап қалатын құстар туралы түсінік беру, оларға қамқор болу керектігін ұғындыру 2.Еңбек: аулашыға көмектесу Мақсаты: балаларды бірігіп еңбектенуге тәрбиелеу 3.Қ/о: «Өз ұяңды тап» Мақсаты: балалар атрибут киіп құстар болады, әуен жүрген кезде құстар ұяларынан ұшады, әуен тоқтаған кезде шеңберге ұяларына қонулары қажет 4.Жеке жұмыс: балаларға қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелеу 5.Еркін ойын: балалар өздері қалаған ойындарын ойнайды, қадағалау				
Серуеннен оралу	Киімдерін мұқият өздерінің шкафтарына салу, реттеп жинастырып қою				
Түскі ас	Тамаққа қолдарын жуып отыру. Тамақты төкпей-шашпай ұқыпты ішу. Майлықты дұрыс қолдану. Болғасын алғыс айту.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.				
	Түлкі мен ешкі ертегісін оқып беру	«Бесік жыры» тыңдату	«Бесік жыры» әуенімен ұйықтату	Баяу музыка тыңдату	Баяу музыка тыңдату

Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа,су шаралары,	Ұйқыдан ояту жаттығуы : «Әлпеншек»-шалқасынан жату,тізелерін құшақтап аяқтарын ішіне қарай тарту,тербетілу				
Бесін ас	Тамақты әбден шайнап,тауысып ішу.				
Ойындар, дербес әрекет.	1.Дид/ойын: «Не артық» Мақсаты: сурет бойынша артық затты табу	1.Сюжетті-рөлді ойын: «Дәрігер» Мақсаты:дәрігер мамандығымен,оның ерекшеліктерімен таныстыру	1.Әңгімелеу: «Қыс қызығы» мақсаты: қыс мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру	1.Дид/ойын: «Үй жануарларының төлдерін тап». Мақсаты:берілген сурет бойынша төлдердің анасының қасына орналастыру.	1. «Үш аю» мультфильмін қарау
Баланың жеке картасына сәйкес жеке жұмыс	Айарумен Қыс мезгіліне байланысты тақпақ жаттату	Жанель мен Құрылыс ойыншықтарымен ойын/эртүрлі ғимарат немесе қақпа жасау/	Алинұрға Балалардың тілін дамыту мақсатында тілдік жаттығулар жасату Мысалы: ат шауып келеді	Равиль мен Ойыншықтар бұрышындағы еңбек	Нұрислам мен Табиғат бұрышындағы еңбек. Гүлдерді суару,шаңын сүртуге үйрету
Серуенге дайындық	Киіну, серуенге шығу. Балалармен дербес ойындары				
Серуен	Қимылды ойын: «Қонаққа асығып барамын» Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Тапсырмаларды орындауға,достыққа тәрбиелеу				
Балалардың үйіне қайтуы.	Әңгіме: «Баламен бірге ойнайық»	Балалар жұмысынан көрме Мүсіндеу ұ.о.қ бойынша	Кеңес: ата-аналармен балабақша тәртібі жөнінде кеңес беру	Баяндама: «Саусақ гимнастикасының маңызы»	Жабайы аңдар туралы әңгімелесу

Қаңтар айының IVапта 21-25 аралығындағы I кіші « Қошақан» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы.

Өтпелі ай тақырыбы: «Біздің кіші достарымыз»

Тәрбиеші: Сарғойшина Н

Апта тақырыбы:«Құстар біздің досымыз»

Мақсаты: балаларға құстар туралы түсіндіріп,соның ішінде дала құстарымен таныстыру,құстарға деген сүйіспеншіліктерін ояту. Құстарға көмек жасап,қамқор болуға үйрету

Күн тәртібі	Дүйсенбі 21.01	Сейсенбі 22.01	Сәрсенбі 23.01	Бейсенбі 24.01	Жұма 25.01
Балаларды қабылдау Ата- аналармен әңгімелеу	Таңертеңгі мезгілде ата-анмен сұқбаттаса отырып,балабақша мен ата-аналардың қарым-қатынасын нығайту				
Ойындар (үстел-үсті, саусақ және т.б)	Әңгімелеу «Тазалықпен дос болайық» Мақсаты: тазалыққа баулу,тазалық ерекшеліктерімен таныстыру	Саусақ ойыны: Бала,бала,балақан, Қане қайсы алақан Саусақтарың әйбат Былай-былай ойнат!	Дид/ойын: «Ыдыстағы жемістер» Мақсаты: жемістерді көкөністерден ажырата білуге үйрету	Санамақтар айтқызу Бас бармақ-атам, Балаң үйрек-әжем, Ортан терек-әкем, Шылдыр шүмек-анам Кішкентай бөбек-мен	Үстел үсті ойыны. «Пішіндерді орналастыр» Мақсаты:берілген суреттердің үстіне қажет пішіндерді орналастыру.
Таңертеңгілік гимнастика 5 мин	№5 таңғы жаттығулар кешені				
Таңғы ас	Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу,майлықты қолдануға үйрету Тамақтан соң ас қайырып, алғыс айту.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Қимылдық ойын: «Саңырауқұлақ» Мақсаты: балалар елестету арқылы орманда жүріп,өлең айтып,саңырауқұлақ теру керек,қасқыр көріп ,қасқырдан қашады. Жылдамдық пен ептілікке тәрбиелеу	.Құрылыс ойыншықтарымен ойын/эртүрлі ғимарат немесе қақпа жасау/	Балалардың тілін дамыту мақсатында тілдік жаттығулар жасату Мысалы: ат шауып келеді	Дид/ойын: «Үй жануарларының төлдерін тап». Мақсаты:берілген сурет бойынша төлдердің анасының қасына орналастыру	Сюжетті-рөлді ойын: «Дәрігер» Мақсаты:дәрігер мамандығымен,оның ерекшеліктерімен таныстыру
